



Төрехан МАЙБАС

1954 жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде туған. ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Шет ауданының Құрметті азаматы.

ҚҰРМАЛДЫҚ

РУХ КІТАБЫ

АХАҢНЫҢ ДҮКЕНДЕРІ (Алғысөз орнына)

(Жалғасы. Басы №1-2 нөмірде)

АТАЗАҢ Үшінші жазба

Алғаш барлық заттар бірге болған, соңынан ақыл келді де бәрін ретке келтірді.

Анаксагор.


Мен дүниеге қазақ болып келдім. Қазақ болып өткім келеді. Менің бүкіл болмысым соны тілейді. Менің бүкіл болмысым соған жегілген. Басқа жағдайда менің болмысым қарсылықтан тұрады!

Менің болмысым маған қарсылық көрсетеді. Ең алдымен менің өзіме!

Банан жеген күнімде кәдімгідей жүнжіп жүремін.

Ұлым тілімді алмай кетсе кәдімгідей қаусап қаламын.

Қызымның бойынан көргім келмейтін нәрсе көрсем кәдімгідей



Ақселеу СЕЙДІМБЕК
(1942-2009)

екі бетімнің оты шығып, кірерге тесік таппай қаламын.

Ал қойындасым шапылдаған күнім - ол менің өлгенім...

Өлген күнім...

Сөйтіп, мың өліп, мың тіріліп
жүріп жатырмын...

Осының барлығы маған прансоз
бол деп жатқандығынан!

Мұны мен ұлтқа жасалған
қастандық деп білемін.

Мұны қолдан жасалған нәубет деп
білемін!

Ол - әбден құжатталған!

Мемлекеттік деңгейде!

Әлемдік деңгейде!

Ол - біздің Атазаңымыз!..

Мұндайда Ахаңмен дүкендесу
мүмкін емес. Ешкімді де аямайды.
Әрі-беріден кейін ұлт қастандығының
көкесі Елбасыдан басталған деп ше-
гелеп тұрып айтады. Өйткені прансоз
Атазаңына негізделген қазақ
Атазаңына қол қойған Елбасы
Нұрсұлтан Назарбаев дейді.

- Сол топтың ішінде сен барсың,
мен де бармын. Өйткені біздер оны
қазақ ұлты болып қабылдадық.
Ұлттың ұлтқа қастандығы деп осыны
айтады.

Бұл барып тұрған қастандық!

Мұнан үлкен қастандық болмайды!

Елбасы ант қабылдағанда қолын
Атазаңға қойып қабылдады. Ал
Атазаңымыздың іші - прансоз
халқының заңына тұнып тұрған бола-
тын! Сонда не болды?!

Содан да менің Елбасыма деген
күмәнім бар.

Бәлкім, оны Прансозбасы деген
дұрыс болар...

- Қазақтың Атазаңын бүкіл болмы-
сы мен қазақпын деп атойлап тұрған
қазақ баласы жазу керек.

Басқаша болғанда ол қазақтың
Атазаңы болмай шығады.

Әлде бізде ондай заңгерлер жоқ па?

Әлде қазақ баласында бұрында заң
болмаған ба?

Жартысын қазақ баласы жазған,
жартысын прансозың жазған.

Сонда не болып шықты?

Әлде Қазақстанда қазақтар мен
прансоздар ғана тұра ма?

- Мемлекет болған соң оның ата-
уы болады. Кез келген мемлекеттің
Атазаңы сол мемлекеттің байырғы
ұлтының мүддесін көздейді. Біздегі
ондай ұлт - қазақ жұрты.

Демек мемлекетіміздің атауы -
Қазақия болуы керек еді.

- Ұлт жөнінде орнықты бап болу
керек еді.

Қазақ деп кімді білеміз?

Қазақ ұлты дегеніміз кімдер?

Осы екі сауалға Атазаңымыз жауап
бермей отыр.

«Қазақстан азаматтығын алған
әрбір азамат қазақ болып табылады»
деп жазылғанда бәрі орнына келуші
еді.

«Әке-шешесінің біреуі қазақ
болғанда баласы қазақ болып табы-
лады» деп жазғанда біраз жерге барып
қалар едік.

Ал менің есіме басқа әңгіме түссін.

Түркіменбашы бақилыққа озғанда
түркімені бар, орысы бар, қазағы бар
сақалдарына жығылып тұрып жыла-
ды.

Неге?

Осы сауалды бірінші болып орыс әріптестеріміз қойды.

Және солар жауап берді.

- Түркіменбашы түркіменге қызмет қылды. Және бір түркіменді ешқашанда бөлмеді.

Мұнан шығатын қорытынды Түркіменстанда тек ғана түркімендер тұрады.

- Ұлт қастандығы деген санат бар. Тұтастай ұлтқа жасалған қастандықты айтады. Соның түбіне жеткен адамды білмедім.

Оның ішінде ұлтты ұлтқа айдап салу бар. Қаңғып қалған, адасып қалған аз топты халықтарды бір жерге жиып, қолдан ұлт жасаушылар болды.

Бұл жайттар кешегі Одақта жақсы көрінді. Халықтар достығынын алтын бесігі, қазаны деп әспеттеген орыс жұрты талай ұлттың түбіне осындай айла-шарғыларымен жетті. Сол шарғы қазақ баласының құйрығына да байланған. Сонау отыз алтыншы жылы. Өткен ғасырдың.

Сол жылы Одақ Конституциясы қабылданды. Сол жылы Одақ Атазаңы қабылданды! Онда қазақ ұлтына қатысты ештеңе жоқ еді!

Онда тіпті орыс халқына қатысты ештеңе жоқ еді!

Бұл ұлтсыздану Атазаңы еді!

Бұл Одақтың қазақ халқына жасаған қастандығы болатын.

Мұнан өткен ұлт қастандығы болған емес...

- Біздің Атазаңымыз көшірмесі болмаса да сол Одақтық заңға қатты

ұқсайды. Бұл қазақты қазақтығынан айыратын заң жиынтығы. Бұл кәдімгі ұлтсыздану Атазаңы!

Бүгінгі қазақ баласының ертең прансоз болып тұрса таң қалудың еш жөні жоқ.

Бүгінгі қазақ баласының ертең қансу болып тұрса оған да таң қалуға болмайды.

Біз оларды соған итермелеп жатырмыз.

Қазақ болма деп жатырмыз.

Қазақ болмасақ алдыңғы қатарлы отыз дамыған елдің қатарына да кіреміз деп жатырмыз.

Отыз жыл болды солай сайрап келе жатқанымызға.

Алайда... Әлгі дамыған деген елдердің тізімі бар.

Сондағы отыздың ішінде жоқпыз.

Сондағы елудің ішінде жоқпыз...

Бәлкім, біз басқа тізімде шығармыз?!

- Қай мемлекет болсын оның басты байлығы - жері!

Қай ұлт болсын оның басты байлығы - жері! Жер жағынан, шүкіршілік, баршылықпыз. Әлемде жер көлемі бойынша тоғызыншы орындамыз.

Осыншама жерді бізге біреу келіп сыйлай салған жоқ. Соншама жерді бабаларымыз қорғай алды. Бізге аманаттады.

Ал сіздің қаушағыңызға бұрынрақта нешінші орныда тұрдық екен деген ой келмей ме?

Мына біздің алдымызда тұрған Ресейіңіз мен Қытайыңыз кейін ысырылып қалмай ма?

Бұл жөнінде Атазаңымыз не дейді? Үндемейді.

Қазақ баласының кемі бес ғасыр тарихы бар. Сол тарихында қандай да бір Атазаң қабылдағаны жөнінде әңгіме жоқ. Қазақ баласының оны онша қажетсіне де қоймағаны байқалады. Елімізге жаңа заман келді. Заңқой заман келді. Алды-артымызға қарамай, етек-жеңімізді жиып үлгермей Атазаңымызды қабылдап жібердік. Содан бері еңбектеген бала қабырға жағалауға жарады. Ал біздер болсақ Атазаңымызды қайта-қайта қолымызға сүйел шыққанша түзеп жатырмыз.

- Мен сол түзеліп жатқан, күзеліп жатқан Атазаңымызды жақтаймын. Бұрынғы нұсқасында ол ешқашанда қазақ баласына келмейді. Қазіргі нұсқасында бұл қазақтан гөрі Қазақстанда тұрып жатқан міскіндерге келеді. Бұл заң біздер үшін емес, Қазақстанда тұрып жатқан азшылық ұлыстар үшін жазылған заң деп қабылдау керек. Ол түзелген сайын, күзелген сайын қазақ ұлтына жақындай түседі...

- Қазақ халқы барынша кешірімді, барынша мейірімді халық. Бұл жағынан бізге жетекабыл ұлт болса ол мына қарақалпақ, ноғай, қырғыз бауырларымыз.

«Алдыңа келсе атаңның құнын кеш» дейді.

Қазақ қолынан кісі қазасы болып жатса оны кездейсоқтықтан деп білу керек. Әдейілеп қан жүктеу ұлттық болмысымызға жат қасиет. Бұл жағынан біздің қанымыз (геніміз) таза.

Сөйткен ұлтымызға ату жазасын

белгілеу туралы оқтын-оқтын әңгіме көтеріліп келеді.

Өз ұлтына мылтық кезенген ол қандай мемлекет болмақ?!

Қасиетті деген діндердің бәрінде де қастандық туралы қағидаттар бар.

Соның ең ізгісі деген «Құран Кәрімде» қанға-қан дейді.

Бұл біздің даламызға әлі кіре қоймаған мұсылмандық парызының бірі...

Қап тауындағы халықтар күні бүгінге дейін тынши алмай келеді. Неге?

Қанға-қан парызынан...

- Мұсылман баласының тағы бір парызы - жиһад. Бұл мұсылман жолында жүрген жұрттардың соғысы, діни соғысы, дін үшін соғысы, дін таңу соғысы...

Осы соғысқа қазақ баласын тарту табандылықпен жүргізілуде. Қазақ баласы басқа ұлт өкілінің қолынан қаза тауып жатса оны шейіт, жиһадта опат болды деп аспандатады. Шын мәнінде ол діни кикілжіңнің нәтижесі ғой...

Енді біраз жер басып жүре тұрғанда Ахаң қазақ баласының қолына қару алып ғана емес, бүкіл бала-шағасын арқалап алып Сирияда, Иорданияда, Ливияда, Иракта жиһадта жүргеніне куә болар еді.

Қазақ қыздарының сол бір тұстарда жаппай арап еркегінің етегін ұстағанына куә болар еді.

Бұл не? Әрине, қастандық.

Дін қастандығы!..

- Қазақ баласының өз алдына этнос болып көріне бастағаны он үшінші ғасыр. Содан бері көріп келе жатқандығы - қастандық. Мың жылдық деп айтпай-ақ қоялық, жүз



жылдық соғыстарды бастан өткеріп келеді.

Ахаң қазақ этносының тарихын түп-тура он үшінші ғасырдан бастайды. Бұл ұлы миграция ғасыры. Қазақ жұртының Еуропа жұртына өтіп кететін ғасыры. Өз жұртына қайтып орала алмай қалған ғасыры...

- Осы жұрт тарихқа Алтын Орда аумағында тарих сахнасына Русь жұртын шығарды...

Сол жұрт жау болмаса да дос болмай шықты.

Бергі тарихқа салған күннің өзінде үш жүз жылдан бері қазақ баласының төбесінде әңгір таяқ ойнатып келген орыс жұрты қазақ баласын бәрібір ала алмады.

Қазақ баласының барлық соғыстары қансумен, парсымен, орыспен өткен. Бұлар соғыста ұлттарды түп-түқиянымен құртатын жұрттар. Орысқа жұтылған ұлт-ұлыстар қаншама? Қытай жұтқан жұрттар қаншама? Парсылар да аз жұрт жұтқан жоқ.

Біздің оқығанымыз, оқып келе жатқанымыз қазақтың жоңғармен болған соғысы. Соны Отан соғысы деңгейіне көтеруге талпынып келеміз.

Ау, ол да киіз туырлықты жұрт емес пе еді? Әрі-беріден кейін қазақ жұртының түп нағашы жұрты солар емес пе еді?

Қазақ баласының басқа жұрттан қыз алмай осы жұрттан қыз алатыны ештеңе ұғындырмай ма?

Тіпті мұны Атазаңында қалдырмаса да жыр жолдарында қалдырды ғой.

- Қатының болсын қалмақтан, Отының болсын жантақтан, - деп айтса қалмақ жұртын жау деп отырған жоқ ғой.

Қайта жұрт есебінде құрып кетуден сақтандырып отыр ғой...

- Соны кешегі шалдар білді.

Білгені сол қазақ жеріндегі жер атауларын өзгертіп шәлек болған жоқ.

Қазақ жерінен бірде-бір қансу атауын табуға бола ма?

Қазақ баласын жарылқап келген Орыс жұртының қазақ даласында атауы бар ма?

Ал ойрат жұртының (қалмақтың) атаулары жеткілікті...

Сонымен Атазыңымыз кімдікі?

Биліктікі!

Қазақстан тұратын кірмелердікі!

Сонда қара халықтың Атазаңы қайда?

Ресейден басқа бірден екі құрылықта тұрып жатқан бірде бір мемлекет жоқ. Саясатын да соған орай жүргізеді. Қолайына қарай еуропид бола қалады, қолайына жақса азиат болып та кете барады.

Олар баз біреулер ойлап жүргендей совет ұлтын қалыптастыруға ұм-тылған жоқ. Олар бар жоғы совет халқын қалыптастыруға ұмтылды.

Басқа халықтардың есебінен. Ол үшін жергілікті ұлттардың негізін - болмысын, ұлттық кодын шайқады.

Қойнына қатын салды, аузына шарап тосты. Ел айта беретін жұмақтан несі кем еді?!

Сол басқа халықтардың есебінен орыс ұлты мемлекет ұйыстырушы ұлт ретінде көрінді. Жергілікті ұлт-ұлыстар сол орыс ұлтының шылауында жүрді.

Тізбекті билікті орнықтырды. Оның да орыстың сипаты айқын



еді. Бұратана жұртты басқаруға да орыс өкілі қойылды.

Қашанда бірінші басшы орыс жұртынан болды. Осыдан барып совет жерін мекендеген басқа жұртта екіншілік құлық қалыптасты. Келе-келе олар бірінші болуға да ұмтылмады.

Осының барлығы халықтар партиясы - коммунистік партия арқылы жүзеге асырылды.

Бұратана жұртқа жалаң идея ұсынылды. Коммунизм деген. Коммунизмге орыс болып жетеміз түсінік қалыптастырды. Ячейка, артель, коммуна, колхоз, совхоз, лагерь - барлығы сол жолда терлеп-тепшіді. Түрмелер кластері пайда болды. Степлаг, Қарлаг сондай түрмелердің бірегейі еді. Онда бұзықтар мен бірге қанша мың зиялы қауым өкілдері де отырды.

Қызыл өкімет соларды қанады. Қолдарына күрек беріп, табағына ас салмады.

Қызыл билік совет халқын осылайша еңбек арқылы ұйыстыруды жүзеге асырды. Қоғамдық еңбекке тартылмағандардың барлығы да түрмеге қамалды. Еңбекті жазалау құралына айналдырды.

Осыдан барып совет халқы еңбектен жеріді.

Ел ұрлауға көшті.

Алдымен мемлекет қазынасына түсті.

Совет халқы болып.

Бөлінгенде өздерін тапты.

Молдован, өзбек, қазақ, түркімен болып.

Сөйтіп біздер Одақ қазанынан ұры-қары, жемқор, паракор болып бөліндік.

әлеуметтік сипаттары болды. «Екі шал», «үш шал», «бес шал», болмаса «жеті шал» десең ел ол шалдарды біле қалады. Жазушылар дейтін оларды да.

Жазғанда кітап жазбайды, әрине, арыз жазады.

Бүгінгі арыз жазушыларды арызқой деп күстаналаймыз. Ал кешегі күні оларды күрескер деп аспандататын.

Ел ұйықтаса да сол бес шал көз ілмейтін. Алақандай ауылдың бар тіршілігі солардың алақанында болатын.

Олар мемлекеттің мүлігін осылайша - өздерінше қорғады. Билік те оларға барынша жел беріп отырды.

Барар жер, басар тау қалмағанда жұрт айтып отырған шалдарды жағалар еді.

- Қанша жылға жіберейін? - дер еді шалдардың бірі.

-Бес жыл, он жыл? - дейді екіншісі.

Содан шағымданушы ағатайлап жүріп эзер құтылар еді.

Сол шалдар элі күнге дейін ел есінде.

Елдің есесін жібермеген бұл шалдарға ел өз бойындай ескерткіш орнатуға да бейіл.

Сол шалдардың біздің ғана емес, американ заңдарын да жатқа айтып отырғанын құлағымыз естіді.

Сол шалдарды жұрт арыз жазып бергені үшін емес, заңды білгені үшін сыйлайтын. Олардың алдына барғанда есесінің кетпейтініне сеніп баратын.

Сонда бұл шалдар қазақ баласының мүддесін көздеген болды ғой?!

Ол да бар шығар...

Бірақ олар элі келе қоймаған коммунизмнің шалдары еді ғой...

Бұрындары да арыз жазушылар болды. Олардың да қоғамдық,

Сол коммунизм енді келетіндей болып көрінген. Бөркімізді аспанға

аттық. Өйткені ел тізігіні өзімізге тиді ғой. Жұрт иығының жалаңаштығына қарамады, қарнының аштығына қыңсыламады. Сонда да бала өсіріп, түтінін түзу ұшырды.

Өйткені ел ертеңіне сенді.

Билік тізгінін қазақ азаматтары алып жатты. Олардың барлығының да оқулары бір бастарына жететін. Қырдан оқып келген, Қырымнан оқып келген. Шөл асып келгендері де болды, су жалдап келгендері де болды.

Содан бәрін қойып, Атазаңнан ба-стады. Олардың уәжінше ең алды-мен Атазаңымыз болуы керек екен, қалғаны орайласа жатады-мыс.

- Сол Атазаңымыз қазақ баласының жоғын жоқтап отырған жоқ.

Сол Атазаңымыздан қазақ баласы өзіне керегін таппай отыр.

Сондықтан да көп тілді болып отырмыз...

Сондықтан да көп дінді болып отырмыз...

Сондықтан да көп ділді болып отырмыз...

Кешегі Одақ кезінде бүкіл Қазақстанда бір-ақ заң факультеті болды. Сонан екеу болды...

Сонан үшеу болды...

Бүгінде ол факультет аудан орталығына барды.

Факультеттердің дәрегейі айтарлықтай өсті.

Институты бар...

Университеті бар...

Академиясы бар...

Ал заң колледжі дегендер қазір қыстақтарда жұмыс істеп жатыр!

Баяғыда мұғалімдер көп болушы еді, қазір керісінше заңгерлер жыртылып айырылады.

Көшеге шықсаң болды - шақырып тұрған заң кеңселерін көресің...

Кеңес ал дейді...

Өйтетіні бүгінде соттасушылар көп. Баяғы Бейімбеттің Ыбырайлары бүгін де жол бермейді. Сотқа бара жатады, соттан келе жатады...

Ел бәрін тастап соттарда отыратын болған. Бұрынғының соты айналдырған екі-үш айда бітуші еді, қазіргінің соты жылдап жүреді.

Сол жүгіріп жүрген Ыбырайлардың кемі екі-үш қорғаушылары болады...

Сол шырқобелек айналған тіршілік бүгінде жалғасып жатыр. Сотты сот соттап жатыр...

Міне, біздің Атазаңымыз қайда алып келді?!

- Қазақтың елі - Қазақ мемлекеті болу керек еді...

Қазақ елінің тілі - қазақ тілі болуы керек еді...

Біздің Атазаңымызда осының екеуі де жоқ!

- Екінің бірі әспеттеген, аспандатқан жаһандық көш деген шықты. Сол көшке ілігу деген әуезе пайда болды. Бір нәрсе айтсаң аузыңды осы жаһандық көшпен жабады.

Сонда ол қазақ жұртына не береді?

Нан бере ме?

Нанына май жағып бере ме?

Қазақ баласын жылыту үшін Қарағандының бір шахтасы жетеді.

Қазақ баласының қарнын ашырмауға бір ғана Қостанай даласы жетіп артылады.

Маңғыстаудың бір мұнай платфор-



масы Қазақстандағы барша моторды дырылдатуға жетіп жатыр.

Олай болса Қазақ жұрт ысырапта өмір сүріп жатыр.

Соны тоқтатар Атазаңымыз қайсы?

- Атазаңымыз мемлекеттік машинамыздың басты қаруы. Бұл қаруға қарсы тұрар қорғаныш жоқ.

Бұл заң қазақ халқының ғасырлар бойы тірнектеп жинап, уақыт сүзгісінен өткізген салт-дәстүрімізді тәрк етеді.

Екі ауыз сөзге тоқтаған қазақ енді сот залдарынан шықпайтын болады.

Еркекке асылған әйелді көріп едік, енді еркекке асылған еркекті көретін күніміз де көп ұзатпас.

Бұл қазақ ұлтының малға айналуының басы.

Ет жеп, сорпа ішкен жұрттың баласы ертең сиыр қасқамен жағаласып өріс іздейтін болады...

Бұл да түк емес, ертең қазақ баласы адаммен емес төртаяқтылармен қойындасатын болады.

Солардың некесін біздің Алтынзаңымыз қиятын болады...

Міне, біздің Алтынзаңымыздың сиқы!

- Бұл Атазаңға менің де ілігіп кете жаздаған жайым бар.

Депутат болыңыз дейді жандайшаптар. Әуелі өз басымды алып жүріп алайын деп әзер құтылдым.

Ал енді сол Парламентте кімдер отыр дейміз ғой?!

Екі өкпесі қолынан түспеген желаяқ та отыр, сұңқылдап ән салған байғызымыз да отыр.

Ол да түк емес. Онда дінбасымыз отыр.

Елдің бәрін мешітіне кіргізіп болғандай...

Өзі сол мешітінен шығып отыр...

Барған жері - Парламент!

Ау, оның өзінің шаригаты бар емес пе деп айқайлығың келеді...

- Жалпы, Дінбасымыздың Ақүйде не шаруасы бар?

Мешігінде жүргеннің орнына Ақүйде жүретіні қалай?

Елбасы шақырса құстан ұшқыр болып жетіп баратыны қалай?

Ең құрығанда көлігін жіберіп алдыртса екен дейсің...

Керек болып бара жатса оны өзіне неге шақыртып алмайды?

Елбасыны айтам.

Ол да мұсылман ғой.

Ол да намазхан ғой.

Папа келсе керісінше шығып жататыны қалай?..

- Осыдан кейін қазақ жұрты жұрт болады деп сену қиын.

Өйткені біздер ұлт болып ұлт қастандығына барып отырмыз.

Сол қастандығымызды басқа жұртқа емес, өзімізге - қазақ баласына жасап жатырмыз.

Мұнан өткен қастандық болмас!..

Мұнан өткен ұлт қастандығы болмас!..

Жалғасы бар...